



010011, Астана қаласы, Жәніс даңғылы, 60  
тел.: 8 (7172) 69-51-00, 69-52-67  
e-mail: info@testcenter.kz

010011, город Астана, проспект Победы, 60  
тел.: 8 (7172) 69-51-00, 69-52-67  
e-mail: info@testcenter.kz

06.03.2019 № 15-10-2/1-387

## Облыстардың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары

Ағымдағы жылғы педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудың бірінші кезеңі Ұлттық біліктілік тестілеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығымен (бұдан әрі - Орталық) өткізіледі. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың өтініштерін қабылдау ағымдағы жылғы 10 наурыз – 2 мамыр аралығында жүргізіледі.

Өтініштерді қабылдау аттестаттау комиссияларымен Орталық ұсынған Web-қосымша арқылы жүргізіледі. Бағдарламаның сілтемесін және паролін Орталық филиалдарынан алуға болады.

Ұлттық біліктілік тестілеу білім саласындағы уәкілетті органмен бекітілген тест өткізу пунктерінде өткізіледі.

Педагог қызметкерлер тестілеуді келесі блоктардан тапсырады: «Оқу пәнінің мазмұны» (70 сұрақ), «Педагогика, оқыту әдістемесі» (30 сұрақ).

Тестілеуге берілетін уақыт – 3 сағат 20 минут (200 минут), жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндер бойынша 3 сағат 50 минут (230 минут).

«Оқу пәнінің мазмұны» блогында бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған сұрақтар бар екендігін ескертеміз. Осындай форматтағы сұрақтар ең жоғары 2 (екі) балмен бағаланады.

Тест кітапшалары жауапты тұлға енгізген мәліметке сәйкес қалыптастырылатындықтан, тестілеу пәні мен тілін мұқият енгізу қажет.

Ұлттық біліктілік тестілеуге өтініштерді қабылдау барысында білім бөлімі және білім басқармалары тарапынан атқарылатын іс-шаралар 1-қосымшада берілген.

Тапсырылатын пәндердің тізімі 2-қосымшада көрсетілген.

Директор

Р. Әлімқұлов